

Қуаныш Ринат

Қуаныш Ринат Ғазизұлы 2015 жылы 27 маусымда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Ыбырай ауылында дүниеге келді. Бақытты жанұяда өмірге келген жас қыран, отбасында таным-көкжиегін кеңейтті. Білім алар жасқа жеткенде Ыбырай ауылындағы «Құрманғазы атындағы жалпы орта білім беретін мектептің» табалдырығын таудай талаппен аттады. Аталмыш мектепте 1-сыныпты үздік аяқтап, 2-сыныпты Шымкент қаласындағы Тұран мөлтек ауданында орналасқан «Тұран мектебінде» жалғастырады. Қазіргі таңда осы мектептің 2-сыныбын үздік нәтижемен тәмамдады.

Өнеге бесігі, ұлттық тәрбие – отбасының ұлағаты болмысы, үлгілі келбеті. Әр баланың бақыты – оған қолдау білдіретін отбасының шапағаты емес пе!? Ринат та – отбасының көзқуанышы, үміт артқан болашағы, ата-анасының мақтанышы. Өнегелі тәрбие берген, өткен күннен сыр шертіп, ақылын айтқан асқар тау әкесі Шарипханов Ғазиз Қуанышұлы – білім беру мекемесінде ұстаз. Жарық өмір сыйлаған аяулы асыл анасы Асанова Жанар Әбенқызы – жеке кәсіпкер. Асыл әжесі Шыңғысбаева Жұмакүл Баймышқызы – құрмет төріндегі зейнеткер. Немерелерімен уақыт өткізгенді жақсы көреді. Ринат – үйдің үлкені, әжесінің сүйікті баласы. Артынан ерген күлімкөз қарындасы Сезім «Тұран мектебінде» білім алуда. Ізінен ерген атқаменер інісі Айбат – 2 жасар бүлдіршін.

«Адам баласы ақыл-ой, оқу-білім және парасатты ісімен озады. Басқаша оздым деу – бос әурешілік, ақымақтық», – деп ұлы данышпан Абай хакім айтқандай, бүгінгі ұрпақтың білім мен өнер сатысында дамып келе жатқандығы айқын. Ринат кішкентайынан өнерге, білімге зерек бала болып өсті. Ұлағатты ұстаздары берген білімнің нәтижесін додалы сайыстар мен байқауларда жақсы жағынан



көрсетіп, жетістіктерге жетері анық. Ринат – кішкентайынан білімге құштар, өнерлі бала. Сыныптан сыныпқа үздік бағамен қадам басқан талапты шәкірт 1-2 сыныпты үздік бағамен қорытындылады. Білім көкжиегіне ұмтылған Ринаттың болашағы жарқын, жетер жетістігі алда екеніне бек сенімдіміз!

Сүйікті ісі: Ринат бос уақытында шет тілдерін оқумен қатар спортты ұнатып, дзюдо күресіне қатысады.

Арманы: Мектепті «Алтын белгімен» бітіріп, шетелге оқуға түсіп, ата-анасының үмітін ақтауды және әлем елдеріне саяхатқа шығуды армандайды.

Асқақ армандарың орындалсын, жас қыран!

